

Рустем Сауытбай

# ІНЖУ

Айдаһарлар елінде



ASTANA KИТАП

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

С24

**Сауытбай Р.С.**

С24 **Інжу.** Айдаһарлар елінде / Рустем Сауытбай.

– Алматы, 2025. – 176 бет.

ISBN 978-601-370-088-5

Інжу деген төбесінде үкісі бар қыз күтпеген оқиғаларды басынан кешеді. Ләти – жай ғана үкі емес, қыздың жан досы. Қызықтың бәрі әжесінің үйіне барғанда басталады. Атасы айтқан әңгімелер бұған өзге әлемнің есігін ашады. Оқиға тоғайдағы тылсым бір жерден бастау алады. Бұлардың алдынан неше түрлі қиындық шығады. Інжудің екі жануар досы болмағанда қиын болушы еді. Өйткені оларды жүрегі қарайып кеткен ҚАРАДАҒТАР мен оттай ыстық мекен күтіп тұр...



ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-370-088-5

©"Астана-кітап" ЖШС, 2025

©Сауытбай Р.С., 2025



– Алақай! – деген қыз баланың даусы бөлменің ішін жаңғыртып барады. Инжу ішке кіріп келіп, сөмкесін бір шетке лақтырып жіберді.

Кереуетте газет оқып отырған әкесі оған бір қарады да:

– Құтты болсын, қызым! Төртінші сыныпты кілең беспен аяқтапсың. Жаным, қызым менің! Әкеңе тартқан екенсің, – деп мақтана сөйледі. – Кешке мұны міндетті түрде тойлаймыз.

– Рахмет, әкетай. Сабақ бітті! Бүгінгі соңғы күніміз өтіп болмады, әйтеуір. Ертең соңғы қоңырау! Ал сосын... сосын... Есіңде ғой, иә,



әкешім?! – деп ақ құба қыз қуана дауыстады. Ол әкесінің мойнынан құшақтап, еркелей бастады.

– Әрине, ерке қызым. Ондайды қалай ұмытайын? Амандық болса, бірден жолға шығып кетеміз. Өзім де сөйткім келіп отыр. Жұмыстан әбден шаршадым.

– Алақай! Ауылға барамыз! Әжемді қатты сағындым.

– Әжеңнің тоқаштарын айтсаңшы, тоқаштарын! Соны жесем бала кезім есіме түсіп кетеді, – деді Дастан мырза тамсанып. – Тіпті анамның тоқаштары үшін ғана сонша жер жүріп баруға дайынмын. Анамның қолынан шыққан тоқаштарға не жетсін? Анашымды қатты сағынып кеттім. Тоқаш көрсем бірден анам есіме түседі.

– Әкешім, ол жаққа Ләтиді де ала барсам бола ма? Ол әлі кішкентай ғой. Оны қараусыз қалдырғым келмейді, – деді Інжу жалынып.



– Өтінемін, өтінемін, өтінемін...

– Иммм... жарайды.

– Алақай, сен әлемдегі ең күшті әкесің!

– Хе-хе-хе... Солай ма екен? – деп Дастан мырза, қызының бұл сөзіне марқайып қалды.

Инжу сол бойы әкесінің үстіне секіріп мініп, шөлп еткізіп бетінен сүйіп алды.

– Тек ауылдың тауықтары Ләтиге тиісіп жүрмесін. Не дегенмен ауылдың тауықтары басқашалау болады, – деді әкесі ойнақы тіл қатып.

– Тауық деген барлық жерде тауық емес пе? Мен Ләтиге қалай қарау керегін жақсы білемін. Уайымдамаңыз, оған жаман ештеңе де болмайды.

– Жанатты айтпадың ғой?! Мақұл, үкінді алып кетеміз. Ал туған бауырыңды ше? – деді әкесі ыржиып.

– Е-е, сол жүгірмекті ме? Онсыз болмайды





ғой. Қанша жерден мазамды алып, шаршатса да оны қатты жақсы көремін. Сондықтан ала кетеміз. Ауылдың балаларын көрсін. Тіпті күннің көзіне күйіп, қап-қара боп кетсін. Қазақтың қара домалақ баласы боп жүрсін сосын. Ауылдан қайтып келгенде сыныптастары танымай қалсын.

– Жақсы нәрсе тіледің, негізі. Күнге күйген жақсы ғой. Дәрумен алады, – деп күлді әкесі.

– Ендеше мен бүгіннен қалмай заттарымды дайындай берейін. Бүгін-ертең уақыт тезірек өтсе екен, бүрсігүні жолға шығып кететін, – деді сары қыз шыдамсызданып.

– Өзің біл, құлыным...





Бүгін жұма. Инжу үшін ерекше күн. Өйткені олар көптен күткен сапарға шығады, ауылға жол жүреді. Әдетте мұндай уақытта ол еркелеп төсекте жататын. Алайда бүгін таң атпай тұрып алып, бәрінің мазасын алды. Тіпті таңғы асты да өзі әзірлеп қойды. Мақсаты – тезірек жолға шығып кету. Жанат мұны біліп, әдейі асықпай жүр. Ол ауылға барғысы келгенмен, ешкімге білдіртпеуге тырысты. Көздегені – әпкесінің жынына тию.

– Тіс пастасы қайда? Көрмей тұрмын, – деді ол әдейі уақыт созу үшін. – Енді оны табу керек. Сосын жа-а-а-ғу-у-у керек. Қиын болды ғой. Бәрі қайда кеткен?



Інісінің бұл сөзін естіген Інжу ас үйден шауып келді де:

– Мінекейіңіз, Жанат тақсыр. Дәл алдыңызда тұр. Басыңызды сәл оңға бұрсаңыз, көретін едіңіз, – деді әпкесі тістене сөйлеп. – Әйтсе де ештеңе етпейді. Ондай-ондай болып тұрады.

– А-а, рахмет, әпкетай. Менің алтын әпкем. Бүгін қандай сыпайы әрі мейірімді едің? Тани алмай отырмын сені, – деді ол да тиісіп сөйлеп.

– Жүр енді, сызылмай! – деп қыз шыдамы таусылып баж ете қалды. – Әйтпесе сені тастап кетеміз. Сосын қаласың, тышқандармен дос болып.

– Несі бар? Олай да жаман емес. Әйтеуір құлағым тыныш болар еді. Дегенмен ауылға бара берейін. Саған бірдеңе боп қалмасын.

– Иә, сөйткенің дұрыс болар. Онда жылдам жуынып-шайынып, қисық-қисық тісіңді тазалап кел, – деді әпкесі ақылсынып.



Анасы сарылдатып шай құйып жатыр. Інжу пісірген ботқа бүгін ерекше дәмді болыпты. Шамасы ол барын салып, аса ықыласпен істегенге ұқсайды. Бәрі таңғы ас ішу үшін дастархан басына жиналды.



Бұл үйдің Боти деген кішкентай күшігі де аулада өзінің таңғы асын жеп жатыр. Құйрығын бұлғандатып тұрып жегеніне қарағанда оғанда тамақ ұнаған сияқты. Оның ақ пен қоңыр араласқан жүні сондай сүйкімді боп көрінді.



Ол өзінің үйшігіндегі жұмсақ терінің үстінде жатқанды қатты жақсы көретін. Инжу оны үйде асырағысы келіп еді, алайда Боти үйге кіргенді жақтырмайтын болып шықты. Оған далада жүрген ұнайды екен. Шәуілдеп үргенде тіпті күлкің келеді. Біреу келе қалса сүйкімді даусымен өзінше үре бастайды. Өткенде ғана бөтен бір мысық аулаға кіріп кеткенде оған тұра жүгіріп сыртқа қуып жіберген. Соған қарап бұл күшік ержүрек боп өсіп келе жатыр деуге болады. Кеше де көршінің балағын тістеп алып, әрең дегенде босатты. Өзі сондай батыл, сондай-ақ иесі секілді мейірімді. Алдында



жаңбырдың астында қалып қойған марғауды жалап, оған жанашырлық танытқан болатын. Артынша тіпті оған өз үйшігінен орын берді. Тамағын да бөлісті. Оның ит те болса, өзгелерге үлгі болатындай қасиеті бар. Инжу күніне бір рет оған тәрбие сағатын өткізетін. Ал Боти болса оны түсініп жатқандай мөлтілдеген көзімен оған қарап, тыңдап отыратын. Бәлкім содан болар, күшік қыздың сөзін түсінбесе де оның жылуын бойына сіңірген еді. Жануарлар сезімтал болады дейді ғой. Күшік өзін иесі қатты жақсы көретінін сезетін.

\*\*\*

Әкесінің ақ түсті митсубиси маркалы машинасы дүр етіп оталды. Соңғы сөмке де жүк-салғышқа орналастырылды. Екі бала артқы орындарға жайғасып жатыр. Еш өзгеріс жоқ, баяғыша, екі бала тағы да орынға таласа кетті. Ақыр соңында келісімге кеп, әйтеуір




тынышталды. Әкесі көк қақпаны кілттеп, кілтін көршіге тапсырып келді. Бірнеше күн бойы бұл үй әуелі Құдайға сосын көршіге аманат боп қалмақ.


– Ауыл деген күшті ғой, – деді анасы ойымен бөлісіп. – Ауыл десе, жусанның иісі, өзеннің балығы, қызғалдақтар алқабы көзіме елестейді. Ойнақтап секіріп жүрген қозылар мен өрістен келген енесіне жүгіретін бұзау елестеп кетті ғой.

– Ал мен атқа міне аламын. Атам маған бір құлын атаған. Соған мінемін. Ол менің құлыным, – деп Жанат мақтанды.

– Балам, ол қазір тай боп қалды. Бір жыл өтті ғой, – деп әкесі күле кетті. – Ол өсіп қалды. Сондықтан барғанда оны танымай қалма. Ол адамдар ғой ақырын өсетін. Адам болам дегенше жиырма жыл өтеді. Ал жылқы солай жаратылған. Екі үш жылда есейіп қалады.







– Мен сонда әлі адам емеспін бе? – деп сұрады Жанат шынайы таңғалып.


– Бір күні адам боларсың, бұйырса. Боларсың... Жақсы адам болсаң болды. Бізге керегі сол. Бақытты болсаң болды, балам.

– Мен бақытты боламын. Бірақ алдымен сендерді бақытты етемін.

– Өй, айналайын. Біз онсыз да бақыттымыз, – деп анасы іліп әкетті. – Мына сөздерден кейін қалай бақытты болмайсың?! Жаным менің. Аман болыңдар.

– Ал меніңше бақыт отбасыдан басталады,





– деп Інжу де білгенін қосып қойды. – Бақыттың одан да үлкен дәрежесі еліңді, халқыңды бақытты ету екен.

– Ал одан да үлкен дәрежесі – барлық адамзатты бақытты ету, – деп әкесі байсалды қалыппен сөйледі. – Міне, әлем осындай адамдарға мұқтаж. Бұл кемел адамның сипаты.

– Біз әлемді құтқарамыз, әке! – деп Жанат қаһарманша дауыстады.

– Әй, батырларым менің. Біз сендерді мақтан тұтамыз, – деп әкесі оны еркелетті.

– Балаларым менің. Өмір деген сынақ қой.



Сол сынақты беске тапсырып өтіңдер.

– Өте алмай қалсам, қайта тапсыруға бола ма екен, анашым? – деп әкесінің сөзін түсінбеген Жанат уайымдады.

– Жоқ, бір ғана мүмкіндік беріледі, балам. Бір ғана...



# ІЖКУ

*Айдаһарлар елінде*

КІРІСПЕ	3
1-ТАРАУ	8
2-ТАРАУ	19
3-ТАРАУ	37
4-ТАРАУ	56
5-ТАРАУ	74
6-ТАРАУ	92
7-ТАРАУ	108
8-ТАРАУ	125
9-ТАРАУ	141
10-ТАРАУ	158

Барлық құқықтары сақталған. Кітапты немесе оның кез келген бір бөлігін баспаның келісімінсіз көшіру, көбейту және өзге де пайдалану жолдары заңсыз болып табылады әрі қылмыстық, әкімшілік немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілікке әкеп соғады.

*Көркем әдеби басылым*

**САУЫТБАЙ Р.С.**

# ІНЖУ

*Айдаһарлар елінде*

*Редакторы:* Ақтоты Кабиева, Алтынкүл Елубаева

*Корректоры:* Толкын Ахметжанова

*Суретін салған:* Диана Решетникова

*Компьютерлік верстка:* Әзілхан Әбуқалиев

Басуға 01.12.25 ж. қол қойылды.

Пішімі 60\*90 1/16. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі: EB Garamond.

Таралымы: 1000. Тапсырыс №2/25

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Райымбек к-сі, 348а.

"Астана-кітап" ЖШС, Тел.: +7 (727) 313-12-97.

email: [astanakitap2050@gmail.com](mailto:astanakitap2050@gmail.com).

"PRIZMA PRESS" ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы, Райымбек к-сі, 348.

